



САЛЫҚ ЗИМАНОВ 100 ЖЫЛ

«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ,
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»


Республикалық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның материалдары

Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН,
ОБЩЕСТВЕННЫЙ И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ДЕЯТЕЛЬ»

Материалы республиканской
научно-практической конференции

Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: ҒАЛЫМ, АЗАМАТ, МЕМЛЕКЕТ
ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ»**

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары
Нұр-Сұлтан, 19 ақпан 2021 ж.

**«САЛЫҚ ЗИМАНОВ: УЧЕНЫЙ, ГРАЖДАНИН, ОБЩЕСТВЕННЫЙ
И ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ»**

Материалы республиканской научно-практической конференции
Нур-Султан, 19 февраля 2021 г.

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

Төраға (Председатель):

Сыдықов Е.Б., ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
мүшелері (члены):

Оңғарбаев Е.Ә., заң ғылымдарының докторы, профессор
Мерзадинова Г.Т., техника ғылымдарының докторы, профессор
Қозыбаев И.М., тарих ғылымдарының докторы, профессор
Сматлаев Б.М., заң ғылымдарының докторы, профессор
Нұрмағамбетов А.М., заң ғылымдарының докторы, профессор
Тлепина Ш.В., заң ғылымдарының докторы, профессор
Сембекова Б.Р., заң ғылымдарының кандидаты, доцент
Сақтағанова И.С., заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Бас редактор (Главный редактор):

Абдрасулов Е.Б., заң ғылымдарының докторы, профессор

Жауапты редакторлар (ответственные редакторы):

Дауталиев Қ.Н., заң ғылымдарының кандидаты

Женисов С.К., заң ғылымдарының магистрі

Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері: республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев Қ.Н., Женисов С.К. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 242 б.

Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель: материалы республиканской научно-практической конференции. / Абдрасулов Е.Б., Дауталиев Қ.Н., Женисов С.К. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2021. – 242 с.

ISBN 978-601-337-529-8

Жинақта 19 ақпан 2021 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен «Салық Зиманов: ғалым, азамат, мемлекет және қоғам қайраткері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары жарияланып отыр.

Басылым ғылым және тәжірибе қызметкерлеріне, оқытушыларға, PhD докторанттар мен студенттерге, сондай-ақ ҚР ҰҒА академигі С.З. Зимановтың мұрасына қызығушылық танытқан жалпы жұртқа арналады.

В сборнике представлены доклады и выступления участников Республиканской научно-практической конференции «Салық Зиманов: ученый, гражданин, общественный и государственный деятель», состоявшейся в Евразийском национальном университете имени Л.Н.Гумилева 19 февраля 2021 года.

Издание адресовано научным и практическим работникам, преподавателям, PhD докторантам и студентам, а так же для всех, кто интересуется наследием академика НАН РК С.З.Зиманова.

ӘОЖ 340
КБЖ 65

ISBN 978-601-337-529-8

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021
© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021

Мазмұны Содержание

<i>Предисловие к материалам республиканской научно-практической конференции.....</i>	6
--	---

1-бөлім. Конференция қатысушыларына арналған құттықтаулар Часть 1. Приветствия участникам конференции

<i>Тоқаев Қ.К.</i>	Қазақстан Республикасы Президентінің құттықтау сөзі.....	11
<i>Тогжанов Е.Л.</i>	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының құттықтау сөзі.....	12
<i>Мәми Қ.Ә.</i>	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төрағасының құттықтау сөзі.....	15
<i>Асанов Ж.Қ.</i>	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының құттықтау сөзі.....	16
<i>Дәуленов М.М.</i>	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрінің құттықтау сөзі.....	18
<i>Бекетаев М.Б.</i>	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің құттықтау сөзі.....	20
<i>Құл-Мұхаммед М.А.</i>	Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутатының құттықтау сөзі	22
<i>Жұрынов М.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Президентінің құттықтау сөзі	24
<i>Абдолла С.Ж.</i>	Қазақстан Республикасы Судьялар одағы Төрағасының құттықтау сөзі.....	26

2-бөлім. Ғылыми баяндамалар Часть 2. Научные доклады

<i>Сыдықов Е.Б.</i>	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының кіріспе сөзі.....	30
<i>Сұлтанов Қ.С.</i>	Академик Салық Зимановтың заңшығарушылық қызметке қосқан үлесі.....	32
<i>Абдильдин Ж.М.</i>	Салық Зиманов – выдающаяся целостная личность.....	33
<i>Сабыкенов С.Н.</i>	Академик С.З. Зиманов - выдающийся учёный-юрист современности, основатель юридической науки и юридического образования Казахстана.....	36
<i>Алимбеков М.Т.</i>	Ұлағатты ұстаз туралы сөз.....	38
<i>Дулатбеков Н.О.</i>	Салық Зиманов мұрасының өміршеңдігі туралы.....	42
<i>Шапақ У.</i>	Салық Зимановтың конституциялық құндылықтар туралы көзқарастары.....	44
<i>Сәрпеков Р.Қ.</i>	Өнегелі өмір.....	46

<i>Ударцев С.Ф.</i>	Академик С.З. Зиманов: основные направления научных исследований (из истории юридической науки).....	50
<i>Нурғалиева Е.Н.</i>	Положение наемных работников на предприятиях с иностранными инвестициями.....	56
<i>Тлепина Ш.В.</i>	Труды академика Зиманова С.З. как мировоззренческая и методологическая основа историко-правовых исследований.....	61
<i>Абдрасулов Е.Б.</i>	Вопросы национальной государственности и государственного суверенитета в политико-правовых воззрениях академика С.З. Зиманова.....	74
<i>Нурмагамбетов А.М.</i>	Академик С.З.Зиманов о проблемах государственности в истории Казахстана.....	80
<i>Ахпанов А.Н.</i>	Компаративно-правовое исследование свидетельского иммунитета.....	84
<i>Ибрагимов Ж.И.</i>	Академик С.Зимановтың билер соты туралы идеялары.....	88
<i>Шангирбаева Б.Ю.</i>	Свобода выражения мнения в кочевой цивилизации казахов. Некоторые взгляды академика С.З. Зиманова.....	95
<i>Балтабаев К.Ж.</i>	Имущественные наказания в уголовном праве.....	98
<i>Дауталиев Қ.Н.</i>	Абайтану және құқықтаным: академик Салық Зиманов зерттеулерінің ізімен.....	103
<i>Сақ Қ.Ө., Ертасова Г.Қ.</i>	Зиманов – көсемсөз зергері.....	110
<i>Арыстамбаева С.А.</i>	Салық Зиманов – юрист и философ.....	114
<i>Канатов А.К.</i>	Место Декларации о государственном суверенитете в системе законодательства Республики Казахстан: правовой анализ.....	115
<i>Габдулина Б.А.</i>	Академик Салық Зиманов – ғасырлар тоғысындағы тарихи тұлға.....	118
<i>Баймолдина С.М.</i>	Академик НАН РК Салық Зиманович Зиманов – величайший ученый современности.....	127
<i>Балғынтаев А.О.</i>	Салық Зимановтың құқық қорғау және сот органдарын жетілдіру жөніндегі кейбір көзқарастары.....	130
<i>Мергембаева Н.Б.</i>	Институт биев в уголовном судопроизводстве на современном этапе.....	133
<i>Бексултанова Р.Т.</i>	Суд биев как демократический институт отправления правосудия в современном Казахстане.....	137
<i>Даурембеков Е.Қ.</i>	Қазақстандағы медиация институтының қазіргі жағдайы мен даму келешегі.....	139
<i>Абдилов К.С.</i>	Споры и конфликты в древнем обществе, происхождение судов.....	142
<i>Нурмагамбетова С.Б.</i>	От «бонапартизма» к «авторитаризму», или особенности становления французского конституционализма.....	146
<i>Сейдеш Б.Б., Мурзағалиев Е.Ч.</i>	Қазақстан Республикасының егемендігі мен мемлекеттік тәуелсіздігін қамтамасыз етудегі академик С.Зимановтың халықаралық құқыққа қосқан жекелеген үлесі.....	151
<i>Джигитова Р.Н., Симанова Г.Т.</i>	Салық Зиманов – ұлтымыздың мақтанышы, заң ғылымдарының тірегі.....	154

<i>Салауатов М.С., Маханова А.С.</i>	Салық Зиманұлы Зиманов – ғұлама заңгер, ұстаз, қайраткер.....	157
<i>Тоқбаева Б.М.</i>	Халқының абыз ақсақалы.....	159
<i>Кемербай Р.А.</i>	Әділдік және философия.....	164
<i>Оңланбекова Ғ.</i>	Заң ғылымының корифейіне – 100 жыл.....	166
<i>Губайдуллин М.Г.</i>	Заңғар заңгер Салық Зиманов шығармаларының ерекшеліктері.....	167
<i>Мырзатаев Н.Д.</i>	Жоғары заң білімін беруді жетілдіру барысында С. Зимановтың алатын орны.....	171
<i>Қарабаев Ф.Ж.</i>	С. Зимановтың құқық саласындағы ұйымдастырушылық қызметінің кейбір көріністері.....	175
<i>Каржаубаев С.С.</i>	К проблемным вопросам юридического образования.....	178
<i>Өмірзақов П.Қ.</i>	Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны орғауды экономикалық реттеуді жетілдіруде шетелдердің тәжірибесін қолдану.....	183
<i>Омарова Б.А.</i>	Административные процедуры в сфере недропользования в свете принятия нового административного процедурно- процессуального кодекса Республики Казахстан.....	186
<i>Капсаямова С.С., Капсаямов К.Ж.</i>	Анализ правового состояния организации государственного аудита и финансового контроля Республики Казахстан.....	191
<i>Бердібаев Н.М.</i>	Халық үніне құлақ асатын университеттен халық үніне құлақ асатын мемлекетке.....	195
<i>Жадауова Ж.А.</i>	К вопросу о совершенствовании законодательства Республики Казахстан в сфере официальной помощи развитию.....	202
<i>Жунусбекова А.Ж.</i>	Су ресурстары саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметі.....	208
<i>Майшекина Э.С., Амерханова И.К.</i>	Қазақстан Республикасында ішкі көші-қон үрдісін құқықтық реттеудің жетілдіру жолдары.....	212
<i>Найманбай А.Р., Жусипова Б.А.</i>	Академик С.Зиманов еңбектеріндегі адами құндылықтар мен руханият мәселесі.....	218

3-бөлім. Конференция фотолары **Часть 3. Фотографии конференции**

Академик Зиманов С.З. атындағы аудиторияның тұсаукесері Открытие кабинета имени академика С.З.Зиманова.....	222
Конференцияның жалпы отырысы Пленарное заседание конференции.....	225
Ұйымдастыру сәтінен Организационные моменты.....	233

4-бөлім. Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ұсынымдары **Часть 4. Рекомендации республиканской научно-практической конференции**

Қазақ тілінде	238
Орыс тілінде.....	240

Опыт показал, что Конституции могут исчезать под давлением новых Конституций (1993 год, 1995 год). А Декларация остаётся!

УЧИТЫВАЯ, проведённый правовой мониторинг предлагаем следующие новые редакции статей в Закон Республики Казахстан «О правовых актах».

- пункт 1 статьи 4 исследуемого Закона изложить в следующей редакции:

«1. Систему законодательства Республики Казахстан составляют Декларация о государственном суверенитете, Конституция Республики Казахстан, соответствующие ей законодательные акты, иные нормативные правовые акты, в том числе нормативные постановления Конституционного Совета Республики Казахстан и Верховного Суда Республики Казахстан.»;

- пункт 1 статьи 10 Закона изложить в следующей редакции:

«1. Декларация о государственном суверенитете служит правовой основой разработки Конституции Республики Казахстан. Высшей юридической силой обладает Конституция Республики Казахстан.».

Вышеперечисленными научно-прикладными выводами исчерпывается данный правовой анализ.

Список использованных источников

1. «Академик Салық Зиманов: Главное – добиться доверия народа к правоохранительной системе», неоконченное интервью, КазТАГ – Валерий Новиков. 14.11.2011 г.
2. Юридическая газета, 30 июня 1999 г. С. 5.
3. Сапарғалиев Г. Конституционное право Республики Казахстан: Академический курс. – Алматы: Жеті жарғы, 2002. -528 с.
4. Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Развитие конституционного законодательства Республики Казахстан. Часть первая: Учебное пособие / Под ред. З.Ж. Кенжилиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 40 с.
5. Сартаев С.С., Назаркулова Л.Т. Становление Конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы. – Алматы, 2002. - 408 с.
6. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. 16 октября 2000 года. <http://www.akorda.kz>.

АКАДЕМИК САЛЫҚ ЗИМАНОВ – ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒА

ГАБДУЛИНА Бағыш Ахметовна

*тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Нұр-Сұлтан*

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын академик С.Зимановтың 100 жылдығымен тұспа-тұс келуінің өзіндік таңғажайып себеп-салдары бар деуге болады.

Адамзат тарихында тарихи процестің куәгері, замандасы, қатысушылары бар және бола бермек. Алайда ондайлар болмаған жағдайда біз қоғамтанушылар өткен саяси процестің тарихын зерттеу үшін анализ және синтез әдістеріне жүгінуге тура келеді.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсын айтқандай «Бүгінгі күн, кешегі күннің баласы, ертеңгі күннің атасы», демек, біз сол өткен күннен қалған «ізді» сол заманда өмір сүрген, әрекет еткен адамдардың, яғни куәгерлердің немесе сол саяси процеске қатысқан тұлғалардың куәліктері болып саналатын жазбалары арқылы танымыз, зерттеп-зерделейміз. Ал ондай жазбаның түп-нұсқасы болмаған жағдайда екінші, я болмаса үшінші көшірмелер арқылы анализ жасап (немесе одан да көп болуы ықтимал), одан болжам жасап, одан кейін оларға синтез әдісін қолдану арқылы зерттеу жасаймыз.

«Суд истории как поиск истины» деп «Цивилизация перед судом истории» атты еңбегінде А.Тойнби айтқандай ҚР мемлекеттілікті қалпына келтіру процесін зерттеу аясында С.Зимановтың еңбектерін дерек ретінде жетекшілікке алатынымыз, сөзсіз [1]. Күнделікті тіршілікте, тарихи жазбаларда, оқулықтарда Қазақ елі мемлекеттілігінің қалпына келуі жайлы сөз қозғағанда, осы Тәуелсіздікті жариялау, Декларацияны қабылдау, Тәуелсіздік туралы Заңды қабылдау процесінің қалай, қандай жағдайда қабылданғаны туралы тіс жарып, айтыла бермейді. Ал аталған саяси процеске тереңнен бойлап, үңіліп қарайтын болса – небір күрделі, талас-тартыс жағдайында жүзеге асқанын байқаймыз.

Демек, «Құжаттар – іздер, бір кездері өмір сүрген адамдардың ойлары мен әрекеттерінің іздері». Құжаттар - бұл кезінде өмір сүрген адам мен ойдың іздері. Кезінде өмір сүрген тек кейбір адамның ғана ойы мен әрекетінен тұшымды із қалады. Сондай-ақ, бұл іздер төзімді болуы соншалықты, тіпті оларды кездейсоқ өшіріп тастау мүмкін емес». Әдебиетте де құжат түсінігіне қарағанда кеңінен қарастырылады. Тарихи деректің бірнеше түрі бар, ал құжат соның бірі ғана, әсіресе, - жазбаша дерек. Құжаттар қаншалықты болғанмен, тарихты қалпына келтіру үшін ең маңыздысы тарихи деректер (құжаттар) [2].

С. Зимановтың ҚР Тәуелсіздігі туралы Декларацияны қабылдау процесіне қатысып, сол саяси- тарихи сәтті қағаз бетіне түсірген еңбегін оқи отыра, аталған саяси қайраткер Отан тарихында қалатыны, мемлекеттік қайраткер ретінде әлі де толыққанды саяси портреті зерттелетіні күмәнсіз, сондай-ақ, алдағы уақытта талай зерттеушінің ғылыми объектісіне айналатыны сөзсіз!

- Президент институты құқықтық, демократиялық мемлекет ретінде Қазақстан Республикасын құрудың әлеуметтік, экономикалық және саяси міндеттерін шешудің күрделі жағдайларында ұдайы даму үстінде келді. Демек, осыған байланысты Қазақстанда президенттік билікті дамытудың мүмкін перспективалары туралы мәселе барлық өзектілігімен алға қойылады.

Қазіргі кезде қазақстандық ғылыми әдебиетте осы мәселеге орай бірнеше көзқарас қалыптасты. Мәселен, академик С.З. Зиманов былай деп жазады: «Мемлекеттің жалпы міндеттерін шешу арнасында Парламенттің қуатты әлеуетін жеткілікті деңгейде пайдаланбайынша президенттік билік күшті бола алмайды».

Мемлекеттік билік жүйесіндегі Парламенттің конституциялық ұстанымын күшейту үшін С. Зиманов Парламентті бірегей заң шығарушы орган жасауды ұсынды және ең болмаса республикалық және мемлекеттік органдарда заңдардың орындалуына бақылау жасау құқын беру қажет деп пайымдады.

Академик Парламенттің қоғамдық өмірдің нақты ақиқатына ілесуі үшін Парламент пен оның депутаттарының өкілетілігін үш жыл деп айқындауды ұсынды.

Бұған қоса, Парламенттің ролін көтеру туралы ой айта отырып, С.Зиманов мемлекетті басқару формасы президенттік болып қалуы керек деп есептейді [3,230].

Адамзат қоғамы белгілі бір деңгейде биіктей беретін желі бойымен заңды түрде дамиды. Бір кезеңнен екіншісіне жылжи отырып ол өзінің «алтын ғасырына» ұмтылады. Қалыпты дамудың органикалық дәуірі күрделі, тасқынды кезеңдерге араласып, қоғамдық топтардың бұрынғы тепе-теңдігі бұзылады және ол қарсы күштер күресінің жедел өріс алуына ұласады.

Яғни, диалектика формуласы бойынша қарама-қарсы жақтардың күресі мен бірігуінің нәтижесінде даму процесі пайда болады.

Өтпелі кезеңге аяқ басқан өзге де посткеңестік республикалар сияқты алғашқы уақытта Қазақстанның саяси реформаларының да өзіндік ерекшелігі болды.

«Мәселенің күрделілігі сонда, бізге тәуелсіздік нарықпен бірге келді. Заң бойынша осылай болуы керек пе? Нарық бостандығы мен ел бостандығы бір ұғым ба? Осы тұста өткен онжылдықта Үкімет тарапынан да, зиялы қауым тарапынан да біршама қателіктер кетті. Ең бастысы, бағытымызды айқындау қиынға соқты. Оның объективті және субъективті жағдайлары болды. Соның бірі-тәуелсіз мемлекет ретінде тәжірибеміздің жоқтығы еді» - дейді академик Ғ.Есім [4].

Осы кезеңнің маңызды тарихи сипатын білдіретін акт 1990 жылы 25 қазанда жария етілген Қазақ ССР-нің Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Декларациясы еді. Ол жай ғана «ниет декларациясы» емес, нормативтік сипаты бар құжат болды.

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Заңда былай деп көрсетілген: «Бұл Заң Қазақ ССР -нің мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Декларациямен қатар Республиканың жаңа Конституциясын жасау үшін негіз болуға қызмет етеді» [5].

Декларацияда тұңғыш рет ұлттық тәуелсіздік туралы мәлімдеме жасалды: «Қазақ ССР-і ұлттық мемлекетті қорғау, сақтау және нығайту бойынша шаралар қолданады» [6].

Онда қазақ ұлты мен Қазақстанда тұратын өзге де ұлт өкілдерінің өркендеуі мен дамуы Қазақ ССР мемлекеттігінің маңызды міндеттерінің бірі болып саналатыны айтылды.

Әрине, «ұлттық мемлекеттілік» және «Қазақ ССР мемлекеттілігі» түсініктері синоним емес. Бұл түсініктер Қазақстанның мемлекеттілік сипатына екі түрлі әдістің қатар таласа енуінің нәтижесі. Олардың негізінде көпұлтты Қазақстан жағдайында саяси тұрғыда өзін-өзі айқындау құқын түрліше түсіндіру жатыр.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін қалпына келтірудің ірге тасын қалаған куәгері, ғалым академик Сұлтан Сартаев: «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы мәжілістерінің бірінде мен Қазақстанда Президент қызметін тағайындау туралы ұсыныс жасадым. Ол кезде бұл көптеген факторларға байланысты еді» - дейді [7]. Осы мәселеге қатысты күткендегідей, сайланатын Президенттің ұлттық «бояуы» туралы мазмұны жағынан терең, формасы жағынан шағындау айтыс-тартыс орын алды. А.Ф.Козлова «орыс тілділердің 60 пайыз, қазақ тілділердің 40 пайыз екендігін ұмытуға болмайды»- деді. Ендеше Заңда қазақ ұлтының тұлғасы туралы жазылса, Н.А. Назарбаев сайлана ала ма?» - деген сауал туындады [8].

Бұған керсінше көзқарас та болды, А.А. Княгинин «ұлттық мемлекет құру кезінде сол жердің ежелгі ұлтын алға ұстану туралы және орыс ағайын депутаттарына» өтініш айтып, Президентті сайлауда ұлттық басымдықпен келісу туралы үндеу жасады?» [8]. Бірақ жалынға айналып кете жаздаған бұл ұшқындарды басуды ақылға сыйымды компромисс таба білген Жоғарғы Кеңес пен Президенттің өзі қолға алды.

«Қазақстанның бірінші Президентін сайлауға санаулы күндер қалды. Ол бүгін аса жоғары болса да биліктің бір тармағын құруға бағытталған кезекті науқан емес. Күн тәртібіне халық пен республиканың тағдыры қойылған. Қазақстан халқы Президенттік билікпен тоқыраудан шығу және республикадағы экономикалық, әлеуметтік, саяси жағдайларды тұрақтандыру жөніндегі үмітін байланыстырып отыр» дейді С.Зиманов [9.92].

Орталық пен Қазақстан арасындағы, сол сияқты бұрынғы Одақтың аумағындағы онсыз да әрең ілініп тұрған саяси тепе-теңдікке КСРО Президенті М. Горбачевтың Украина теледидарына 1991 жылы 8 қазанда берген сұхбаты тағы да май құя түсті. Онда Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысын тың көтеру жылдарында Қазақстанға Ресей берген деген ыңғайда біздің елімізге территориялық талап қою байқалды.

Мұның бәрі республиканың мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заң қаралып, қабылданып жатқан Жоғарғы Кеңестің тарихи жетінші сессиясы қарсаңында болды.

Дәл осы жағдаймен Қазақстанды өзінің шынайы егемендігін алу үшін батыл қадамдар жасауға, президенттік билік статусын күшейтуге, республикадағы демократиялық күштерді топтастыруда және ТМД субъектілері ішінде республиканың өзгелермен тең дәрежеде болуына кепілдік беретін және халықаралық құқықтық қатынастарда толыққанды субъект екендігін білдіретін Қазақстанның тәуелсіздігі туралы Заң қабылдауда маңызды роль атқарған егемендік туралы Декларация мұраттарын жүзеге асыруға, азаматтық туралы заң, қарулы күштерді құрудың құқықтық негіздері және тәуелсіз мемлекетіміздің рәміздерін қабылдауға мәжбүрлеген сол кезеңнің саяси ақиқатының барлық драматизмін атап көрсетуге болады.

1990 жылы 15 қазанда ашылған республика Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясы өз жұмысын Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның екі бірдей жобасын талқылаудан бастады. Солардың негізгі саналған біреуі ішінде мен де болған бір топ депутат тарапынан талқылауға ұсынылып, баспасөзде жарияланды, - деп еске алады академик С.З.Зиманов [9.23].

Құжат жобасы өзге республикалар декларациялары үлгісінде, неғұрлым байсалды формада жасалды. «Балама» ретінде ұсынылған екінші жобаны «Демократиялық Қазақстан» қозғалысы ұсынды. Екі жоба да асығыс толтырылған еді. Негізгі идеясы мен мазмұны жағынан олар шын мәнінде қарама-қайшылықты болды. Айырмасының жер мен көктей болғандығы сондай, кейде тіпті мемлекеттің егемендігі емес, жалпы ұлттық мемлекет құрылымы ретінде еліміздің өмір сүруі ортаға салынғандай. «Балама» жобаның авторлары

мен жақтаушылары депутаттардың ұйымдасқан үлкен бір тобы жалпы саясат контекстінде Қазақстанда тұратын барлық ұлттарға қатысты мәселе айтылса да белгілі бір деңгейде қазақ халқының мәдениеті мен тілі, тұрмыс салты мен абырой беделі қозғалған «негізгі» жоба баптарының барлығына дерлік қарсы шықты.

Оларды «Қазақ ССР-і республикадан тыс жерлерде өмір сүретін қазақтардың ұлттық мәдени рухани және тілдік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қамқорлық көрсетеді» - деген бап шын мәнінде қанағаттандырмады [10].

Олар «негізгі» жобадан «ұлттық мемлекеттілік туралы», «ұлттың өзін өзі айқындау құқы туралы», «жергілікті ұлттың айқындаушы субъектісі туралы» және басқа да осындай мәселелерді алып тастауды талап еткен. Парламент депутаттары арасында таратылған «балама» жоба туралы түсінік жазбада мынадай жолдар бар: «ұлттық мемлекеттілік және құқықтық мемлекет бір - бірімен қарама-қайшы», «этникалық аралас қоғамда ұлттық мемлекеттілік принциптерін сабақтастыра жүргізу түбінде ауыр және оңалмайтын зардаптарға әкеледі» деп пайымдалған [9.23].

Оның жақтаушылары ұлттық мемлекеттіліктің заманы өткен деп байбалам салып, олардың айтуынша, қазақтарды мойындау ең құрығанда тіл мен мәдениет саласында жергілікті ұлт үшін артықшылықтар тудыруға әкеледі. Ал мұны олар мойындамай, депутаттық топ қарсы шыққан жазбаша мәлімдемеде былай делінді: «... жергілікті ұлттың мемлекеттілік субъектінің мойындау идеясы теориялық тұрғыда да, тәжірибе тұрғысында да өзін ақтамады». Олар үшін «негізгі» жобаның ең келіспейтін тұсы республикадағы тіл саясатын үйлестіруші бап болды: «Қазақ ССР-нің мемлекеттік тілі қазақ тілі болып табылады» (1бап), «орыс тілі Қазақ ССР-інде ұлтаралық қатынастар тілі болып табылады» [10 ст.8.ч.3]. Осы баптарға байланысты «балама» жобаның өкілдері қазақ тілімен қатар орыс тіліне де мемлекеттік тіл мәртебесін беру туралы идеяны қарсы қойып отырды. Қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін беру өзге тілдерді, оның ішінде орыс тілін ешқандай да кемсітушілікке бағытталмаған. Бұдан шығатын қорытынды, Декларацияның «балама» жобасы империялық идеологияны жақтаушылардың көзқарасын білдірді.

Жоғарғы Кеңес 16 қазанда Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация бойынша ұсыныстар мен ескертпелерді және толықтыруларды жинақтайтын арнайы комиссия құрды. Бұл комиссияны академик С. Зиманов басқарып, комиссия түрлі бағдардағы 25 депутаттан тұрды, – деп жазады ғалым. — Олардың қатарында жауапты партия кеңес қызметкерлері, генералдар, ғалымдар болды. Негізінен пленарлық мәжілістерде көтерілген қайшылықты принципті мәселелер талқыланды.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация жобасын комиссия мүшелерінің толық қолдауымен бекітілген Комиссия қорытындысы Жоғарғы Кеңестің сессиясында мәлім етілді. Сөйтіп, әр бапты жеке қарап, алты сағатқа созылған талқылауда Декларация болымсыз ғана өзгерістермен қабылданды [9, 6].

Сонымен біздің республикамыз мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны ең соңынан қабылдады. Мұның көлеңкелі де, пайдалы да жақтары болды. Өзге республикалар декларацияларынан олардың неғұрлым тиімді жақсы тұстары мен зиянды тәжірибелерін есепке алуға мүмкіндік туып, тарихи шешім ешқандай эмоциялық қызбалықсыз қабылданды. Бұл жерде бұрын Кеңестер одағында мұндай құжат қабылдау тәжірибесі болмағанын ескерген жөн.

Алғаш рет Декларацияда ұлттық мемлекеттілік туралы «Қазақ ССР -і ұлттық мемлекеттілікті қорғау, сақтау және нығайту бойынша шаралар қолданады» деп мәлімдеме жасалды [10,ст 2].

Онда қазақ ұлтын және Қазақстанда тұратын өзге ұлттарды дамытып, өркендету Қазақ ССР мемлекеттілігінің маңызды міндеттерінің бірі ретінде бекітілген. Декларацияда ұлты мен діни сеніміне қарамастан азаматтардың құқы толық және еркін тұлға ретінде көрсетілген, осы негізде бүгінгі таңдағы өзекті міндет және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қамқорлығына алынған республика аумағында тұратын халықтар достығын

нығайтуға және оларды топтастыруға жетісу көзделген. Жалпыға бірдей адам құқы декларациясы, сондай - ақ ұлттың ерікті өзін-өзі айқындау құқы.

«Декларация» қабылданғаннан кейін жалғасқан бірқатар заңдар Қазақ ССР-нің 1978 жылғы Конституциясын түбегейлі өзгертуге ықпал еткенін атап өткен жөн. 1990 жылы 20 қарашада Қазақ ССР - нің «Қазақ ССР - да мемлекеттік билік пен басқару құрылымдарын жетілдіру және Қазақ ССР Конституциясына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Заңы қабылданып, онда Қазақ ССР Президентінің Қазақ ССР жоғарғы атқарушы билігінің басшысы екендігі бекітілді. Республика вице-президенті лауазымы тағайындалып, Министрлер Кеңесі Министрлер кабинеті болып қайта құрылды, Министрлер Кеңесінің Президиумы, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің төрағасы және республика Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары лауазымдары таратылды. Министрлер кабинетінің премьер-министрі лауазымы бекітілді. Республиканың Президенттік Кеңесі және халықтық бақылау органдары таратылды [11,374-387].

1991 жылы 15 ақпанда қабылданған «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ ССР Халық депутаттары жергілікті кеңестері туралы» Заңның конституциялық маңызды мәні болғанын да атап өткен жөн.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Заң қабылдады. Онда тұңғыш рет Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі тәуелсіз мемлекетке тән барлық атрибуттармен жарияланып, Жоғарғы Кеңес Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, қазақ ұлтының өзін-өзі айқындау құқын бекітіп... Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жария етті.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуына байланысты 1992 жылы 2 қаңтарда республика Жоғарғы Кеңесінің Президиумы «Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік рәміздерін дайындау бойынша жұмысшы тобын құру туралы» қаулы қабылдап, қаулыға сәйкес оның құрамына көрнекті мәдениет, әдебиет және өнер қайраткерлері кірді. Заңгерлер ішінен комиссия құрамына Қазақстан Республикасының халық депутаттары, Қазақстан Республикасының ҰҒА академигі С. Зиманов пен корреспондент мүшесі С. Сартаев енді [12, 87-89].

Бір қарағанда, логика бойынша айқын және ақиқаттың азаматтық айтылымы бойынша терең, математика тілімен сөйлегенде дәлелдеуді талап етпейтін, халықтың талқылауынан өткен түсінікті мәселе сияқты. Республикада ғана емес, өзге жерлердегі белгілі бір күштерге мүмкіндігінше Қазақстанның егемендігіне қарай жасалған жақсы қадамдарға тұсау салу керек болды. Тура сессия алдында «Демократиялық Қазақстан» фракциясы заң жобаларын ұсынып, қарау тәртібін реттейтін уақыт регламентін бұза отырып, мемлекеттік егемендік туралы Заңның жаңа жобасын ұсынды.

Бұған дейін республикалық басылымдарда жарияланып, орталық БАҚ -тарда хабарланған соң депутаттардан одан бас тарта алмады және идеологияландырылған балама жобаның демін сезіне отырып, негізгі жобамен жұмыс істеуге мәжбүр болды.

«Депутаттар П.В. Своик пен Б.Д.Белик талқылауды балама жоба үшін «қаралған мәселенің» мәртебесін алғанға дейін соза түсуге тырысты. Екі жобада қарама - қарсы бағытта әзірленген мәселе талқылау басталмай жатып бірден тұйыққа тірелді. Бұл тұйықтан шығу қиын еді, себебі, бір топ депутат (Н.И.Акуев, И.Н.Аймағамбетов, Т.Б.Сулейменов, М.К.Козыбаев және басқалар.) «қазақ ұлтының өзін-өзі айқындауы» туралы мәселені алға ұстанды, ал қарсы жақ (С.Ф.Костин, А.Ф.Козлов, П.М.Федосенко, П.М.Потапов, В.И.Котельников және басқалар) «Қазақстан халқының өзін - өзі айқындауы» және миграциялық процестерді мемлекеттік реттеуден бас тарту тұрғысында табандап тұрып алды» [13,48-56].

«Демократиялық Қазақстанның» идеологтары Қазақстан халқы аралас, жеке тұлғаның басымдығы ұлт басымдығынан жоғары тұрады - деп «ұлттық мемлекеттілік» және «азаматтық келісім» категорияларын қарама-қарсы қоюға тырысты. Бұл жерде оппоненттерге үзілді-кесілді қатты айтып, Қазақстан аумағында қаймағы бұзылмаған қазақ

этносты тұратынына және алыс жақын шетелдерден ата қонысына қайтып жатқан қазақтар есебінен оның өсе түсетініне көздерін жеткізуге керек еді.

Келісім комиссиясы барлық ұсыныстарды балама жобамен бірге талқылап, құжаттың негізгі жобасын екінші рет 25 қазанда қарауға ұсынды. Оппозиция жетекшісі П.В.Своик «Демократиялық Қазақстандағы» өз жақтастарының қолдауымен декларациядан «ұлттың өзін-өзі еркін айқындау құқын» және құжат ережелерін көпшілік дауыспен қабылдау жөніндегі регламентацияны алып тастауды талап етті. Бұл Уақытша регламентке қайшы келетін, сонысымен Декларацияны қабылдау процедурасын белгісіз уақытқа дейін созып жіберетін жағдай еді.

Мемлекеттік тәуелсіздік туралы Заң қабылданған кезде депутат А.А.Княгинин толық азаматтық парасаттылық көрсеткенін атап өту керек. Ол өзгелерге қарағанда қазақ халқының басынан кешкен ұлы күйзелістері мен армандарын жүрек сүзгісінен өткізіп, өзінің жекелеген әріптестеріне қарсы шығып, құжатқа «халықаралық қатынастарда, БҰҰ - ның ұйымдары мен мекемелерінде Қазақ ССР -не қазақ халқы өкілетті»- екендігін баса айтты. Және онысын «елдің орыс тілді тұрғындары — орыстар, украиндар, белорустар бұған қарсылық білдіре алмайды, себебі бұл ұлттардың БҰҰ -да өз өкілдіктері бар» - деуі өте әділетті еді [14,82].

Ал жер аумағы жөнінде алдағы уақыттарда жекелеген тұлғалар мен тұрғындардың белгілі бір тобында сепаратистік пиғыл туындамас үшін біржола және мәңгілік «Қазақ ССР территориясына қазіргі шекарасында ешкімнің тиісуге құқы жоқ»-деп мойындалуы керек»-деген мәселе көтерілді [14,68].

Сонымен, 1990 жылы 25 қазанда «Қазақ ССР - нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» қабылданды. Бұл отан тарихындағы үлкен, іргелі тарихи оқиға. «... бұл Декларация – тәуелсіздігіміздің алдыңғы баспалдағы болды... Өйткені, ол әлі де болса Одақтан түпкілікті қол үзіп кете алмаған сәтте, бұл егемендік туралы Декларация – келесі белеске ұмтылған батыл қадам еді»- деп пайымдады академик М.Қозыбаев [15,269].

Егемендік туралы Декларацияның тарихи маңызы - ол Қазақстан заңдарының Одақ заңдарынан басымдығын белгіледі, сөйтіп егемендікке шынайы мемлекеттік мазмұн беріп, көп ғасырлық тарихы, мәдениеті және мемлекеттік-құқықтық дәстүрі бар Қазақстан өз мемлекеттілігін айқындады. Декларация егемен мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының мәртебесін толық қуатында жүзеге асырған еліміздің жаңа Конституциясын және өзге де заң актілерін жасауға негіз болды.

Заң бірден, жеңіл түрде жеңіл қабылданды деуге болмайды, Декларацияны қабылдау кезіндегідей тасқынды, көп күнге созылған талқылаулар өтті, 60 депутат көзқарасын білдіріп,, жалпы пайдалы пікірталастар болғанан айту керек. Депутат Х.Д. Дриллер барынша жұмылдырушы сөз айтты: «... Қазақстанды дербес мемлекет ретінде көргісі келмейтін адамдардың табылатынына күмәнім бар. Ендеше неге біз бүгін Республика атымен аталатын қазақ халқының өзін- өзі айқындау құқын алуға қарсы боламыз» [16,63-64].

Одан әрі депутат Княгинин: «... Кез келген ұлтшылдықтың, ол орыс, неміс, қазақ болсын, түп - тамырында өз ұлтының тәуелсіздігі үшін күрес жатыр. Бұл қасиетті сезім... Сондықтан да республиканың немесе мемлекеттің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялау — бұл қазақтардың көпғасырлық арманы. Біз осында тұратын қазақ еместер мұны нәзік те, терең сезіммен әрқашан сезіне бермейміз. Сол себепті, біз қазақ еместер бұл қасиетті сезімге ықыласпен қарауымыз керек»- деп қолдау көрсетті [16,25]. Айта кету керек, республиканың конституциялық дербес даму жолы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық Заңның қабылдануымен басталды. Бұл жағдай республиканың жаңа конституциясының жобасын жасауға ықпал етіп, саяси тәуелсіз мемлекеттің Конституциясы ретінде түбегейлі жасала бастады. Онда жаңа саяси құқықтық ақиқат — Қазақстан Республикасы өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес айқындайтын демократиялық, тәуелсіз және унитарлық мемлекет ретінде толық көрініс берді.

Алғашқы кезеңде даярланған Конституция тұжырымдамасын 1991 жылы мамыр айында Жоғарғы Кеңестің Президиумы мен Мемлекет және құқық институты бірлесіп белсене талқылады.

1992 жылы 3 наурызда болған Конституциялық комиссия мәжілісі болашақ Жоғарғы Кеңес туралы мәселені талқылауға арналды. Мәселе мынада еді, Конституция жобасында болашақ Жоғарғы Кеңестің қос палаталы құрылымы қарастырылған. Осы схема бойынша парламент екі палаталы болуды көздеді: Республика кеңесі және Өкілдер кеңесі. Республика кеңесіне әр облыстан және Алматы қаласынан екі депутаттан, ал Өкілдер кеңесіне бұрынғыдай сайлау округтары бойынша сайлаушылар сайлаған бір депутаттан енгізілді.

Әр палатаның функциясын айқындауға талап жасалды. Олардың бірлескен мәжілісінде негізінен Жоғарғы Кеңестің құзырына кіретін мәселелер шешілетін болды. Конституция жобасында көрсетілгендей, Кеңес өкілеттілігі қарауына республика Президенті лауазымынан және Үкімет мүшелерінен бастап шешім шығару туралы іс қозғау енгізілді. Бұл мәселелер бойынша Республика кеңесі түпкілікті шешім қабылдау құқына ие.

«Бұл жаңа мәселе емес. Оның қойылымы уақытында қолға алынбады. Республика тәуелсіздігін алған күрделі жағдайда Жоғарғы Кеңесті екі палатаға бөлу ешқандай жақсылық әкелмейді, – деп жазды С. Зиманов. Республика Парламентін ұйымдастырудың екі палаталы схемасын қабылдау туралы шешімге мынадай түсінік негізінде батыл қарсы шығуға болады:

Біріншіден, өмір сүріп жатқан бір палаталы Парламентті біреу қалайды екен деп екі палаталы етуге болмайды.

Екіншіден, бұл мәселеге салмақты, ғылыми негізделген шешім керек. Екі палаталы жоғарғы заң шығарушы орган тәртіп бойынша басқаруы жалпы органдардан бөлек жүргізілетін ұлттық немесе жер автономиясы бар федеративті мемлекетте құрылады.

Үшіншіден, Республика кеңесі ретінде екінші палатаны құру жергілікті жерлерде қос мемлекеттік мүддені заңдастырады. Бұл аймақтардағы тұрақсыздықты бұрынғыдан да көп тудырады.

Төртіншіден, бір палаталы Жоғарғы Кеңестің жұмысын қиындықтармен тұрақтандырып әрең жолға қойып тұрған жағдайда онда кәсіби парламентарийлер жетіспейді, қолдағы күшті әрқайсысының өз комитеті және қызмет көрсетуші органдары бар екі палатаға бөлу Жоғарғы Кеңестің қызметін қиындатады, сонысымен палаталар арасында да, комитеттер мен басқа органдарда да қарама-қарсылықтар мен қайшылықтар туғызады.

Бір сөзбен екі палаталы Жоғарғы Кеңес құру шын мәнінде ерте және оның заң шығару қызметін жақсартуға бағытталмаған деп пайымдауға болады.

Демек, Республика Президентінің ролі мен мәртебесін айқындауға барынша жауапкершілікпен келу керек. Оның билігін нығайту Президенттің жеке билігін күшейту желісімен емес, керсінше оның еліміздегі іс үшін ұйымдастырушылық ролі мен жеке жауапкершілігін көтеруге бағытталуы тиіс.

Президенттің ықпалын кеңейту Жоғарғы Кеңестің ролін кемітуге және мемлекеттік билік жүйесінде оны екінші қатарға ысыруға әкелмеуі қажет екендігі алға тартылғанын назарға алған жөн.

Жобада республика Үкіметінің Президент тарапынан сайланатыны қарастырылған. Жоғарғы Кеңес тек келісім береді»[17,4]. Негізгі Заң жобасын қарау үстінде Жоғарғы Кеңес Конституциялық комиссия төрағасын алмастырды. 1992 жылы 25 желтоқсанда Е. М. Асанбаевты Жоғарғы Кеңес төрағасы лауазымынан ауыстырылғаннан кейін мәселе сессияның қарауына жіберіліп, С. Әбділдин бұл орынға Президенттің кандидатурасын ұсынды. «Егер екі жақты келісім болса, Президент бұл комиссияны басқаруға келісім береді, Ал Жоғарғы Кеңес төрағасы оның орынбасары болуға келіседі. Мұндай комиссияны әр жерде әртүрлі басқарады» [18,45]. Конституциялық комиссия төрағасының міндетін Президентке жүктеу дұрыс шешім болуы мүмкін. Конституциялық комиссияның бір мәжілісінің соңында Президент былай деді: «Бізге Конституцияны депутаттарға да емес,

атқарушы биліктен ешкімге де бермей... былтырдың өзінде бейтарап адамдарға тапсыру керек еді деген сезім пайда болуда... Сондықтан да бұл іске мен балама есебінен келіп отырмын...» [19,81]. Мұның бәрі аталған құжаттың күрделілігін көрсетеді. 1992 жылы маусым айында Конституция жобасы республика Жоғары Кеңесі Президиумында жан-жақты тиянақты талқылаудан өткізіліп, Жоғарғы Кеңестің сегізінші сессиясына қарауға ұсынылды.

«Жалпыхалықтық талқылауға үш миллионнан астам адам қатысып, олар 18 мың ескерту жасап, ұсыныс енгізді. Қазақстанның көпұлтты халқы тұңғыш рет республикаға толық, дербес, егемен мемлекет мәртебесін берген Конституцияның жобасын талқылады» [14,138]. Конституцияны қабылдау туралы «республика баспасөзінде 500 – ден астам үлкенді-кішілі мақалалар жарияланып, теледидар, радио бағдарламаларында талқыланды» [174]. Бұдан республика халқының бұл Конституцияның мемлекеттік басқару формасын, оның мемлекеттік органдарын, тәуелсіз мемлекеттің негізгі атрибуттарын белгілеудегі, азаматтардың демократиялық құқықтары мен бостандықтарын бекітудегі рөлін түсінгенін, яғни саяси сана мен саяси мәдениеттің, қоғамдағы қалыптасуын байқаймыз. Президент Н.Ә.Назарбаев Конституцияны референдум жолымен қабылдауды ұсынды.

«Бұл - Конституция және Жоғарғы Кеңес те осында. Бұл Конституцияның преамбуласы саналады. Оны Жоғарғы Кеңес те, жалпыхалықтық референдум да қабылдай алатыны ерекше аталып өтті [20,23].

Пікірталастар барысында депутаттық корпусының ұлттық белгіге қарай бөліну тенденциясы байқалды. Әсіресе, бұл Қазақстандағы ұлтаралық қатынастарға қатысты болды. Конституциялық Комиссия мәжілісінің стенограммасында депутаттар В.Масолов, Е.Кулагин, Б.Барченко, В.Сенько, П.Федосенко республикада мемлекеттік тілдің қазақ және орыс тілінде болуына мүдделі екендіктерін көрсетті. Оларға керісінше, депутаттар М.К.Қозыбаев, С.З.Зиманов, Д.А.Шерімқұлов И.Н.Есіргепов М.А.Арынов мемлекеттік тілдің қазақ тілі болуы туралы табандылық көрсеткені айтылған [21,11]. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қызметінде басқа да айтарлықтай проблемалар болды. Ол туралы депутат, академик С. Зиманов былай дейді: «Депутат және Жоғарғы Кеңес Президиумының мүшесі ретінде айтсам... оның жұмысында ынта ықылас, бәрінен бұрын заңдылықтағы негізгі мәселелер мен басымдықтарды айқындай алмау көрініс берді. «Портфельде» не болса, түгел дерлік Жоғарғы Кеңес қабылдаған. Жоғарғы Кеңесте 17 комитет болды. Оларды тым тар салалық принциптер бойынша — өнеркәсіп бойынша, ауыл шаруашылығы, байланыс және көлік, сауда және басқа да салалар бойынша бөлу өзін ақтамады. Олар мемлекеттік басқармалар органдарын көп жағдайда қайталаумен болды, бұл ведомстволық заңдардың бір бірінен көшірілуіне себепші еді.

Он екінші шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес заң қабылдаудың сапасынан гөрі санына маңыз берген сияқты. Бір күннің ішінде 10 және одан да көп заңдар мен қаулылар қабылданды. Заң актілерінде тұрақтылықтың болмауы, оларға жиі түзетулер енгізу құқықтық шығармашылық қызметтің белгісі» [22,15]. Соған қарамастан, академик С.Зимановтың пікірінше, - «Бұл республика тарихындағы ең интеллектуальды Парламенттің бірі». Оның құрамында ғылым, мәдениет, әдебиет, өнер және оқу ағарту саласы қызметкерлері болды. Демократиялық салтанат пен республиканы дербес дамыту еркіндігін терең сезінген Жоғарғы Кеңес тарапынан бірқатар ірі саяси және құқықтық актілер қабылданды. Олардың қатарында: Қазақ ССР нің (25 қазан 1990 ж.) Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Декларация, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заң (16 желтоқсан 1991ж.), жаңа Конституция (28 қаңтар 1993ж) болды. Толық емес төрт жыл ішінде (сәуір 1990-желтоқсан 1993 ж.) Парламент 265 заң қабылдады. Өткен XI шақырылған Жоғарғы Кеңес бес жылда (1986-1990) 40 заң ғана қабылдады. Тәуелсіз және егеменді жас мемлекетті дамыту үшін заңдылық базасы құрылды» [9,124].

«Нарыққа, демократияға тақтайдай тегіс жол жоқ екеніне көзіміз жетті. Бізді алдымызда бұдан да қиын күндер күтіп тұр. Бөрікімізді аспанға атуға, тіпті қанағаттануға орын жоқ. Бізге жинақылық және ұйымшылдық керек. Бізге қоғамды ақылмен басқара білу керек. Бізге өтпелі кезеңнің күрделі міндеттерін шешуге қабілетті, ең бастысы халыққа

берілген, оның тұрмыс жағдайын жақсартуды алдыңғы орынға қоятын таза, тәжірибелі кадрлар және жігерлі жас мамандар керек. Бізге республикамыз бен оның халқының ерекшелігі тұрғысында құрылған ұлттық заңдылық керек» деуі бүгінгі таңда да өзекті демекпіз [23,71-73].

«Тәуелсіз Қазақстан күшті мемлекет, күшті Президенттік республика болуы үшін ішкі ұйымдастырушылықтың өзіне ондаған жыл керек, ал күшті президенттік бүгін қажет. Оны құрып, қалыптастыруға тиіспіз. Ол халқымыздың лайықты өмір сүруі және қауіпсіздігі үшін, терең қайта құрулар жүріп жатқан кезеңде ішкі және сыртқы істерде азаматтарымыздың мүддесі мен құқын қорғау үшін керек. Ол республиканың саяси, экономикалық және экологиялық қауіпсіздігі үшін қажет. Ол бос сөзділік пен талан таражға түскен қоғамда тәртіп орнату үшін керек. Ол жемқорлыққа белшесінен батқан мемлекеттік аппаратқа бақылау жасау үшін керек» [23,78]. Президенттік билік жоғарғы атқару билігімен органикалық негізде байланысқан. Егер бұдан да нақтырақ айтатын болсақ: Президенттік билік тіпті тікелей жоғарғы атқару билігі — Республика Үкіметі әлсіз болса күшті бола алмайды. Конституция бойынша ұйымдастыру жағынан бір - бірінен бөлек болғанымен Президент алдымен Үкіметтің жұмысына жауап береді.

Конституциядан үзінді келтірсек, Президенттік биліктің беделі дәл осы Үкімет алаңында қалыптасатынын С.Зиманов баса айтып өтті [23,76].

Мақаланы қорытындылай келе, С.Зимановтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі туралы Декларацияны қабылдау процесіне қатысып, сол саяси- тарихи сәтті қағаз бетіне түсірген еңбегі, сондай-ақ, басқа да көптеген ғылыми еңбектері қазақ елінің саяси тарихын зерттеуге арқау болатын саяси қайраткер Отан тарихында қалатыны, мемлекеттік қайраткер ретінде әлі де толыққанды саяси портреті зерттелетіні күмәнсіз, сондай-ақ, алдағы уақытта талай зерттеушінің ғылыми объектісіне айналатыны сөзсіз!

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі

1. Тойнби А. Цивилизация перед судом истории Москва. 2003г. с.5-6. 592с.
2. Ш.-В. Ланглюа, Ш. Сеньобос Тарихты зерттеуге кіріспе. Аударма. «Фолиант» баспасы. Астана. 2015 ж. – 20.4 б.т.
3. Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан.-А., 1996 г.-с.230
4. Ғарифолла Есім. Бостандықтың бағасы. Егемен Қазақстан.27 ақпан.2002ж.
5. Закон о государственной независимости Каз.ССР Декларация о государственном суверенитете Казахской ССР. 1990. А. (ст.8.ч.3)
6. Декларация о государственном суверенитете Казахской ССР. 1990. А.
7. Сұлтан Сартаев. Біз конституциялық кеңістікте өмір сүреміз. // Егемен Қазақстан. 25 тамыз 2010 ж.
8. Жоғарғы Кеңестің алтыншы сессиясынан стенографиялық есеп.1991, 16 қазан. 20 бет.
9. Зиманов С.З. Конституция и Парламент Республики Казахстан.-А., 1996г.-с.230
10. Декларация о государственном суверенитете Казахской ССР. 1990. А. (ст.8.ч.3)
11. Казахстан: этапы государственности. Конституционные акты / Сост. Ж. Баишев.- Алматы: Жеты жаргы, 1997 -с. 374-387.
12. Ведомости Верховного Совета РК. №3 (2124). 22 января 1992.-с.87-89.
13. С.Абдильдин Парламент Казахстана. От союза к государственности. Алматы.1993г. с.48-51
14. Стенографический отчет второй сессии Верховного Совета. 1990, 25 октября
15. М.Қозыбаев. Өркениет және ұлт. Алматы, 2001. 369б. –Б.-269.
- 16.Стенографический отчет седьмой сессии Верховного Совета.1991г. 16 декабря. с.25
17. Зиманов С.З. Конституция Республики Казахстан. Проблемы и предложения.// Мысль, 1992, №2.С.4
18. Стенографический отчет седьмой сессии Верховного Совета. 1992.г. 25 декабря.с.45
19. Стенограмма заседания Конституционной комиссии.1992, 14 апреля.с.81.
20. Стенограмма заседания Конституционной комиссии. 1992, 3 марта. с.23.
21. Стенографический отчет девятой сессии Верховного Совета, 1992. 11 декабря. с. 11
22. Зиманов С.З. Нужна перестройка самой перестройки. // Вестник Казахстана.1994 г. 11 июня. с.15
23. С.З.Зиманов Конституционная реформа и Президентская власть с.71- 73. Составители: К.С.Алдажуманов, С.М.Алтыбаева, К.Н.Балтабаева, А.Ж,Жоламанова. Алматы, 1997